

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАН ҚОҒАМЫНДАҒЫ ДІНИ САНА ЖАҢҒЫРУЫНЫҢ НЕГІЗГІ БЕЛГІЛЕРІ

Утебаева Д.С.

Дінтану және мәдениеттану
кафедрасының қызметкері,
«дінтану» мамандығы
бойынша гуманитарлық
ғылымдар магистрі

Бүгінгі таңда әлемде, жаһандық деңгейде саяси, әлеуметтік-мәдени және экономикалық өзгерістер орын алды, саяси тұрақсыздық күшейіп, құндылықтар жүйесі күйреп, жалпыға ортақ ақпараттық кеңістік қалыптасты. Жаһандық үдерістер діни және ұлттық бірегейлікпен байланысты қалыптасқан саяси идеологияны жойып, қоғам өміріндегі діннің алатын орны мен рөлі жөніндегі мәселені шешілуге тиіс алдыңғы қатарлы сауалдардың біріне айналдырды. Қазіргі заман қоғамында дінге ықпалын тигізіп отырған басты екі күш – ғылым мен саясат болып табылады.

Ғылым дінді адам санасынан мүлдем жойып жібермесе де, діни санада - құдайды, әлемді және адамды түсіну мәселесіне қатысты, көптеген түбегейлі, терең өзгерістер тудырды. Ғылым әлемнің десакрализациялануына ықпал етті: табиғат және қоғам құбылыстары ешқандай ғажайыпқа сүйенбей пайда болғаны жөнінде қарапайым дәлелдер келтірді. Бірақ, сөйте тұра ғылым жауап бере алмаған сұрақтарға келгенде, қиындыққа тап болғанда, Құдайға, тылсым күшке сену сияқты көзқарастар, наным-сенімдер қалдықтары адам санасында ерекше орын алады.

Қазақстан – халықтың өзіндік сана сезімі, мәдениеті және ұлттық ерекшеліктерімен тығыз байланысты, берік орныққан, тарихи қалыптасқан діни дәстүрлері бар мемлекет болып есептеледі. Діни дәстүрлерді жою мемлекет пен қоғам үшін ауыр салдарларға алып келуі мүмкін. Мемлекет пен қоғам елдің тарихи, мәдени, ұлттық, діни ерекшелігін ескере отырып, тәуелсіз мемлекет құруға оң үлесін қосқан және әлі де қосатын конфессионалды құрылымдарды қолдау қажет. Саясат, этнос және дін арасындағы өзара байланыс, Қазақстанның діни жағдайының ерекшелігі мен даму перспективасын зерттеу, діннің әлеуметтік-саяси рөлі, оның Қазақстан халықтарының мәдениеті мен руханилығының жаңғыруына тигізетін ықпалы, дінтанушылардың бойында ғылыми және практикалық қызығушылық тудырады.

Қазіргі кезеңде әлемде діншілдік сипаты айтарлықтай өзгерді, діни сана жаңғыруымен қатар діни құндылықтар мен қағидалардың орындарын алмастыру сияқты көріністер жиі орын алуда. Дегенмен, дін қазіргі қоғам өмірінде маңызды рөл атқарады, дәстүрлі қоғамдарда және белсенді жаңаруға ұшырап жатқан қоғамдарда әлеуметтік-саяси жеделдету үдерісінің мәнді факторына айналды. Жаңа заман дәуірінен бастау алған батыстағы қоғамдық өмірдің «секуляризация» үдерісі (дін ықпалынан арылу), діннің одан бөлінуіне алып келді. Осының нәтижесінде дін институт ретінде және дүниетаным ретінде саяси, әлеуметтік және мәдени салада өзінің рөлінен айырылды. Ол жеке

адамның жеке ісіне айналды. Дін әлеуметтік жағынан «пайдалылығын» функционалдығын жоғалтты – сондықтан секуляризация үдерісі жүзеге асты. Бірақ, дін адамдағы мәңгімен бірге болғандықтан, адам арқылы қоғам мен тарихта болады.

Дін – қоғамдық сананың бір формасы. Психологиялық тұрғыдан алғанда әлеуметтік психология бөлімі ретіндегі дін психологиясының негізгі объектісі сенушілердің қарапайым діни санасы немесе діни психология жалпы қарапайым сананың элементтерінің бірі болып табылады. Діннің пайда болуының әлеуметтік, гносеологиялық және психологиялық түп-тамырын бөліп көрсетуге болады.

Діннің әлеуметтік түп-тамыры немесе пайда болуының негізгі себебі атеист-социалисттердің көзқарасы бойынша: «каналушы таптың қанаушы таппен күрес барысындағы әлсіздігі, о дүниедегі жақсы өмір туралы сенімді, ал жабайы адамдардың табиғат алдындағы әлсіздігі құдайларға, шайтандарға, таңғажайыптарға деген сенімді тудырды» (В.И.Ленин). Дегенмен діннің әлеуметтік қызметін батыс зайырлы қоғамы да мойындады. Мәселен, А. Рэдклифф-Браун діннің әлеуметтік қызметі топ мүшелерін ортақ қорқыныш пен үмітті сақтауға және әлеуметтік байланысты нығайтуға итермелейді деп есептеді. Дін көптеген әлеуметтік қиындықтарда адамдарға үміт, алданыш беретін психологиялық, әлеуметтік құбылыс. Оның тарихи мәнін, қоғамдық институттарды қалыптастырудағы рөлін ерекше атап өткен жөн.

Діннің гносеологиялық түп-тамыры. Адамдардың алғашқы діни сенімдері мыңдаған жылдар бұрын қалыптасқан және олардың санасындағы табиғатқа тәуелділіктің, құпия күштер алдындағы қорқыныш сезімі мен оған ықпал ету құралдарын іздеудің қиял-ғажайып бейнесі болып табылады. Сол себепті аңыздар пайда болып, мифологиялық сана қалыптасты, адамдар өздерінің діни тәжірибелерін рәміздер, рәсімдер арқылы бейнеледі.

Діннің психологиялық түп-тамыры. Зайырлы көзқарас тұрғысынан алғанда дін – мифологиялық алғашқы қауымдық сананың бір түрі. Діннің психологиялық түп-тамырын қарастырғанда факторлардың төрт тобын бөліп көрсетеді. Біріншіден, адам санасының абстрактты ұғымдарды қалыптастыруға қабілеті. Адам санасы шындықтан өзіне керектіні алып, қалғанын ысырып тастайды. Құдай бейнесі материалды негізден айырылған идеалды адамды білдіреді. Екіншіден, бұл ойлау мен әрекеттің түйсінілмеген компоненттері. Бұл З.Фрейдтің бейсаналылық ұғымымен тығыз байланысты. Саналы адам өзіндегі бейсаналылықты бөтен тіршілік деп түсініп, өзіне алыстату арқылы Құдай бейнесін жасайды. Үшіншіден, бұл адамдық эмоциялар. Қорқыныш сезімі, тазару, күнадан айығу діннің сезімдік, эмоциялық түбірі бар екенін көрсетеді. Соңында, төртіншіден бұл психологиялық дихотомия «біз және олар», барлық адамдар қауымдастығының қалыптасуының негізінде жатыр. Бұл жерде «олар» әрқашанда «бізден» күшті, ақылды, құдіретті болып көрінеді. Сол себепті адамдар түсініксіз жамандықтарды түсіндіре алмады, осының негізінде тотем психологиясы, фетиш, анимизм психологиясы қалыптасты.[1, 36 б.]

Көптеген әлеуметтік сауалнамалар және арнайы әлеуметтік-психологиялық зерттеулер бұқара психологиясын ажырата білуге ықпал етеді.

Діни қауым дінге деген сенімнің түрлі себептері негізінде құрылады. Бұқара психологиясын зерттеуші ресей ғалымы Д.Ольшанскийдің пікірінше адамдардың дінге бет бұруының, ұстануының алты бір-біріне ұқсамайтын себептері (мотив) бар деп есептейді. Бірінші топ адамдарына дін әлемді танудың өзіндік формасы ретінде көрінеді. Олар көбінесе білімі таяз адамдар «әлемнің пайда болуының басқа картинасын, оқиғасын» білмейді. Олар библияның болмыс туралы ілімін, діннің мифологиялық негізін жақсы біледі. Құдайдың адамды және әлемді жаратуы, жұмақ пен тозақтың бар екендігі, өлімнен кейінгі өмір олар үшін шын, ақиқат нәрсе. Екінші топқа өлімнен кейінгі мәңгі өмірге сенушілер. Дінге сенудің мұндай себебі өмірдің қиындығынан, көптеген қанағаттандырылмаған қажеттіліктер және өлім алдындағы қорқыныштан туындайды. Көптеген діндерде жұмақ туралы керемет сипатталады. Бұл топ адамдары діни теориялардың ішінде жанның өлмейтіндігі және о дүниедегі ғажайып өмір туралы жақсы біледі. Өлім алдындағы қорқыныш заманауи сенушілердің санасында да маңызды орын алады. Тән өлімнен қашып құтыла алмайды, ал жан мәңгілік өмір сүреді деп сенеді. Үшінші топтың сенушілерін дінде тылсым күшке сену емес, діни культ қызықтырады, Олардың культтық әрекеттерге қатысуының себебі ақылдан тыс күшке сену емес, қарым-қатынас қажеттілігі, өзін үлкен топпен үйлестіру. Бұл көбіне зайырлы өмірде өз орнын таппаған жалғызбасты адамдарға тән. Әдетте олар діни догматтарды жақсы білмейді, культтық әрекеттерге ерекше мән береді. Мұндай адамдар саны қоғамдағы маргинализация үдерісі үдеген сайын өсе береді. Төртінші топ сенушілеріне адамның адамгершілігін сақтау үшін дін қажет деген көзқарас тән. Мұндай көзқарастағы адамдар мұсылмандар арасында өте көп. Себебі олардың өмірі Құранға негізделген діни, моралдық, заң және т.б. көптеген нормалар жиынтығы шарифатпен толығымен белгіленген. Олардың діншілдігінің негізі дінсіз болу, құдайлық жазадан қорықпау кез-келген жалпы адамзаттық құндылықтар мен заңдылық бұзылады деген сенімде жатыр. Олар үшін ең бастысы діни культті орындау емес (әрине, олар рәсімдерді орындайды, бірақ маңыздысы басқада), моралды-этикалық принциптерді тарату болып табылады. Бесінші нағыз, шын тіршілік ететін топ – «жай, алдын-ала сену, керек болып қала ма» деген оймен дінге сенеді. Бүгінгі таңда әлемде сенім деңгейі төмендеп кетті. Діннің негізгі, қарапайым ережелерін орындап жүрген адамдар саны күн санап өсуде. Дінді ұрпақтан ұрпаққа беріліп келе жатқан дәстүр ретінде қабылдау басым. Бұл топтағы адамдар діни құндылықтардың терең мәніне бойламайды, «мүмкін Құдай бар шығар» деген принцип бойынша өмір сүреді. Алтыншы топқа сенуші атын бүркемелеп жүрген адамдарды жатқызуға болады. Бұл топқа халық санасын билегісі келетін манипуляторлар және дінді кәсіп пен табыс көзі етіп алғандарды жатқызуға болады. Мұндай көзқарас дін үстемдік етіп тұрған қоғамдарда жиі кездеседі. Дінді ұстану табыстың, кәсіби сенімділік белгісі, белгілі бір әлеуметтік мәртебеге жету құралы деген түсінік қалыптасқан. [1, 245 б.] Қазіргі кезде діни терроризм мен экстремизм өршіп тұрған заманда дінді саяси ойын құралы, билікке жету көзі деп қарастыру кеңінен таралған.

Қазақстандағы демократиялық өзгерістер руханилыққа деген жаңа ұстанымды, оның ішінде – діни ұстанымды қалыптастырды. Соңғы жылдардағы діни жаңғыру дінді идеологиялық тұрғыдан зерттеуді, діни ілімдерді талдау және дәстүрлі емес конфессиялардың пайда болу себептерін зерттеуді талап етті. Қазіргі кезде қазақстанның дінтанушы ғалымдардың алдында діни үдерістер мен құбылыстарды зерттеу, болашақтағы діни жағдайды болжау, дінге қатысты мемлекеттік саясатты талдау, еліміздегі зайырлы және діни өзара қарым-қатынастардың тиімді формаларын анықтау сияқты үлкен міндеттер тұр. Қазіргі заманғы көп қырлы діни жағдай бойынша қауым ішіндегі үдерістерді талдауда, жалпы діншілдікті зерттеу бойынша мемлекеттік саясатты жүзеге асырғанда діни қауымдар мен топтар қызметінің ортақ және ерекше тенденцияларын ескеру қажет. Көп ұлтты Қазақстан территориясында орналасқан конфессионалды мен конфессия аралық, топтық және индивидуалдық, шіркеулік пен сектанттық, дәстүрлі және жаңарған, саяси және күнделікті діншілдіктің сипаты күрделі әрі қарама-қайшы болып келеді. Сол себепті бүгінгі таңда мынадай діни саладағы мынадай тенденцияға назар аудару маңызды:

- түрлі әлеуметтік және ұлттық ортада діншілдік деңгейін тұрақтандыру;
- діншілдіктің күнделікті, қарапайым формаларының көбеюі және керітартпа фундаменталистік элементтер қысымымен, қоғамдық пікірдің көп түрлілігінің қалыптасуы, халықтың объективті ақпарат алу деңгейінің төмендеуі, нәтижесінде діннің саясиленуі;
- діни және жартылай діни орталарда эсхатологиялық, messiандық көзқарастардың, құдайды іздеу және құдайды жасау әрекеттерінің ұлғаюы, ұлттық таңдалғандық идеологиясының негізі етіп дінді алу талпынысының, клерикалды-монархиялық бағдарламалардың күшеюі;
- мемлекеттің ар-ұждан бостандығын шектеу және діни ұйымдарға қатысты заңдылықты қатайту кезінде конфессиялар мен деноминациялардың жартылай заңды және заңсыз күйге көшуі;
- бұқаралық санада және қарым-қатынаста кездесетін ауытқулар кезінде түрлі дүниетанымдық топтардың бір-біріне деген өзара төзімсіздік пен діни фанатизмнің сақталуы; [2, 33 б.]

Зерттеу нәтижелері көрсеткеніндей діни сана жаңғыруы қайшылыққа толы, заманауи қоғамда дін ең алдымен ұлттық өмір сүру салтымен, мәдениетпен, белгілі бір өркениет типімен танылады.

Деректерді салыстыру барысында сенушілер ортасы біртекті емес екенін көрсетті. Олардың арасынан: 1) дәстүрлі сенушілерді, 2) күмәнданушылар, 3) сенбейтіндер, 4) атеисттер, 5) эклектиктер 6) жалпы сенушілерді бөліп көрсетуге болады.

Жоғарыда келтірілген ойларды таразылай отырып, тек қазақ халқын ғана емес, жалпы Қазақстан тұрғындарын біріктіретін, төзімділік, ашықтық, сенім және дәстүр принциптеріне сүйенген идея жасау қажеттілігі туындайды. Еліміздегі түрлі діни ұйымдар мен бірлестіктерді бақылау, қадағалау әрбір азаматымыздың құқықтарын қорғаудың кепілі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Д.Ольшанский Психология масс. М., - 2010 г. – 242 б.
- 2 Архиепископ Анастасиос Формирование общих ценностей и общей гражданской позиции в светском и плюралистическом обществе: вклад религиозных объединений. Свобода религий и убеждений 577-578 б.б.